

Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 23 сәуірдегі N 219 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бұкіл мәтіндегі "өкілетті", "өкілеттігіне", "Өкілетті", деген сөздер тиісінше "үәкілетті", "үәкілеттігіне", "Үәкілетті" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң халықтың денсаулығын иондаушы сәулелендірудің зиянды әсерінен қорғау мақсатында оның радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

араласу деңгейі - жол берілмейтін мөлшердің шамасы, оған жеткен кезде, созылмалы немесе авариялық сәуле алу жағдайы туындаған реттерде қорғау немесе авариядан кейінгі шаралар қолданылады;

әсерлі мөлшер - адам организмі мен оның жекелеген органдарының радиациялық сезімталдығын ескере отырып, олардың сәуле алуының кейіндегі зардаптарының пайда болу қатерінің шамасы ретінде пайдаланылатын иондаушы сәулелендірудің сіңірлген энергиясының шамасы;

бақыланатын аймақ - радиациялық бақылау, адамдарды жіберу және олардың тұруы жөнінде арнаулы ережелер қолданылатын аумақ;

иондаушы сәулелендіру - ортамен өзара әрекет кезінде түрлі белгілердегі иондар түзетін, зарядталған, зарядталмаған бөлшектер мен фотондардан тұратын сәулелендіру;

пайдаланушы ұйым – атом энергиясы пайдаланылатын объектілермен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын занды тұлға;

персонал – иондандырушы сәулелену көздерімен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін немесе еңбек жағдайлары бойынша олардың әсер ету аясында болатын жеке тұлғалар;

радиациялық авария - атом энергиясын қолдану объектісін қауіпсіз пайдалану шегінің бұзылып, бұл орайда адамдардың немесе қоршаған органдарын белгіленген нормалардан жоғары радиоактивті ластануына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан радиоактивті өнімдердің және (немесе) иондаушы сәулелендірудің қалыпты пайдалану жобасында көзделген шектен асып кетуі;

радиациялық қауіпсіздік – белгіленген нормаларға сәйкес қызметшілерге, халыққа және қоршаған ортаға радиациялық әсері шектелетін, атом энергиясы пайдаланылатын объектінің ерекшеліктері мен сипаттамаларының жай-күйі;

радиациялық қорғаныш - радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған радиациялық-гигиеналық, жобалау-конструкторлық, техникалық және ұйымдық шаралар жиынтығы;

радиациялық мониторинг - иондаушы сәулелендіру көздерін пайдаланатын объектілерде де, қоршаған ортада да радиациялық жағдайдың жай-күйін жүйелі түрде байқап отыру;

табиғи радиациялық ая - ғарыш сәулесі және жерде, суда, ауда, биосфераның басқа элементтерінде, тамақ өнімдері мен адам организмінде өздігінен бөлінген табиғи радионуклидтердің сәулесі шығаратын сәулелендіру мөлшері;

техногендік өзгерілген радиациялық орта - адам қызметінің нәтижесінде өзгерген табиғи радиациялық орта;

техногендік радиациялық фон - сол жердің табиғи радиациялық фонын сипаттайтын осындай көрсеткіштердің деңгейлерін шегеріп тастағандағы радиациялық жағдайды сипаттайтын көрсеткіштер деңгейі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 2006.12.29 № 209 Заңымен, өзгерістер енгізілді - 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңынан, осы Заңнан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері

Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

нормалау принципі - иондаушы сәулелендірудің барлық көздерінен азаматтардың сәуле алуының жеке мөлшерінің жол берілетін шегінен асырмау;

негіздеу принципі - иондаушы сәулелендіру көздерін пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түріне тыйым салу, бұл орайда алынған пайда адам мен қоғам

үшін табиғи радиациялық ортаға қосымша сәуле алу келтіретін ықтимал зиян қатерінен аспайды;

оңтайлыландыру принципі - иондаушы сәулелендірудің кез келген көзін пайдалану кезінде сәуле алудың жеке мөлшері мен сәуле алатын адамдар санының экономикалық және әлеуметтік факторларын ескере отырып, мүмкіндігінше төмен және қол жетерлік деңгейде ұстау;

авариялық оңтайлыландыру принципі - төтенше (авариялық) жағдайларда қолданылатын шаралардың нысаны, ауқымы мен ұзақтығы адам денсаулығына зиянды азайтудың нақты пайдасы араласуды жүзеге асырудан болатын залалға байланысты залалдан барынша көп болатындей етіп оңтайлыландырылуға тиіс.

4-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Радиациялық қауіпсіздік:

құқықтық, ұйымдық, инженерлік - техникалық, санитарлық-гигиеналық, профилактикалық, тәрбиелік, жалпы білім беру мен ақпараттық сипаттағы шаралар кешенін жүргізу;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, жеке және занды тұлғалардың радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормалар мен ережелерді сақтау жөніндегі шараларды іске асыруы;

республиканың бүкіл аумағында радиациялық мониторингті жүзеге асыру;

иондаушы сәулелендіру көздерімен нақты қызметті жүзеге асырудың барлық деңгейінде радиациялық қауіпсіздікті сапалық жағынан қамтамасыз ету бағдарламаларын іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-В Заңымен
(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қолданысқа енгізіледі).**

**2-тарау. РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ, ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ**

5-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті мемлекеттік органдарды, олардың арасындағы:

иондаушы сәулелендіру әсерінен халықтың денсаулығын қорғау;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және атом энергиясын пайдалануға байланысты қызмет түрлеріне лицензия беру;

қоршаған орта объектілерінің радиоактивтік ластануының алдын алу және иондаушы сәулелендірудің табиғи көздерін бақылау жөніндегі өзара іс-қимыл тәртібі мен міндеттердің ара-жігін белгілейді.

1-1. Алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-2. Алынып тасталды - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекет уәкілдік берген Қазақстан Республикасының атқарушы органды болып табылады, бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді, басқа уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіреді, сондай-ақ:

атом энергиясын пайдалану жөніндегі қызмет түрлеріне лицензия беруді жүзеге асырады;

радиациялық қауіпсіздікке, ядролық материалдар мен иондаушы сәулелендіру көздерін физикалық қорғауға және аварияға қарсы жоспарлауға, есепке алу мен бақылауға қатысты нормалар мен ережелерді әзірлейді және келісіп отырады;

радиациялық қауіпсіздік нормалары мен ережелерінің, лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

радиациялық қорғау жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді;

осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілдіктерді жүзеге асырады;

құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарауды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209, 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-бап. Мемлекеттік органдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі құзыреті

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне мыналар жатады:

1) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3-1) алып тасталды - ҚР 28.12.2018 № 208-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеу саласындағы лицензиялануға жататын қызмет түрлерін белгілеу;

5) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, соның ішінде халықтың сәуле алу дозаларын бақылау мен есепке алу саласындағы мемлекеттік басқарудың бірыңғай жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) ядролық материалдардың және басқа да иондаушы сәулелендіру көздерінің экспортын, импортын, орын ауыстыруын, транзитін және орналастырылуын жүзеге асыруды бақылау;

7) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты және халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындауды жүзеге асыру;

8) радиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

8-1) атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналға қойылатын біліктілік талаптарын белгілеу;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне мыналар жатады:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) радиациялық авариялар салдарынан радиоактивті ластануға ұшыраған аумақтарда тіршілік ету жағдайлары мен оларда тұрудың ерекше режимдерін регламенттеу;

- 3) сәулеленуге үшыраған халыққа көмек көрсетілуін бақылау;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - КР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - 2006.12.29 № 209, 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 208-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормалау

1. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік нормалау радиациялық қауіпсіздік нормаларын, санитарлық ережелерді, гигиеналық нормативтерді, құрылым нормалары мен ережелерін, еңбек қорғау ережелерін, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі әдістемелік, нұсқаулық және өзге де құжаттарды белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл актілер радиациялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық стандарттарды ескеруге тиіс және осы Заңның ережелеріне қайшы келмеуге тиіс.

2. Радиациялық қауіпсіздік саласындағы санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар, техникалық регламенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітіледі.

3. Радиациялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі өкімдік, нұсқаулық, әдістемелік және өзге де құжаттарды уәкілетті мемлекеттік органдар және пайдаланушы ұйымдар өз құзыреттері шегінде радиациялық қауіпсіздік саласындағы техникалық регламенттер негізінде бекітеді және қабылдайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен.

8-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өндірістік бақылау

1. Пайдаланушы ұйымдар радиациялық қорғау сапасының қамтамасыз етілуіне өндірістік бақылау жүргізеді.

2. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өндірістік бақылауды орындау тәртібі әрбір пайдаланушы ұйым үшін ол орындаітын

жұмыстардың ерекшеліктері мен жағдайлары ескеріле отырып айқындалады, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісіледі және оны атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3. Пайдаланушы ұйымның радиациялық қорғаудың қамтамасыз етілуіне өндірістік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдары радиациялық қауіпсіздік талаптарының, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтердің, радиациялық қауіпсіздік қағидаларының, құрылымындағы нормалары мен қағидаларының, еңбекті қорғау қағидаларының, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өкімдік, нұсқаулық, әдістемелік және өзге де құжаттардың бұзылуы анықталған кезде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ықпал ету шараларын қолданады.

Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

9-бап. Радиациялық қауіпсіздіктің жай-күйін бағалауға қойылатын талаптар

1. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында жоспарлау және шешімдер қабылдау, олардың тиімділігін талдау кезінде мемлекеттік органдар, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары, пайдаланушы ұйымдар радиациялық қауіпсіздік талаптарын, радиациялық қауіпсіздік саласындағы санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерді қамтамасыз ету мақсатында радиациялық қауіпсіздікті бағалауды жүргізеді.

2. Радиациялық қауіпсіздікті бағалауды халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган:

- 1) қоршаған ортаның радиоактивті ластану сипаттамасы;
- 2) радиациялық қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралардың қамтамасыз етілуіне және радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормалардың, ережелер мен гигиеналық нормативтердің орындалуына талдау жасау;
- 3) радиациялық авариялардың ықтималдылығы мен олардың ауқымы;
- 4) радиациялық авариялар мен олардың салдарларын "тиімді түрде жоюға әзірлік дәрежесі;

5) халықтың жекелеген топтарының барлық иондаушы сәулелендіру көздерінен алатын сәулелену дозаларына талдау жасау;

6) сәулелену мөлшерінің белгіленген шегінен асып түсетін мөлшерде сәуле алған адамдарды саны негізінде жүзеге асырады.

3. Радиациялық қауіпсіздікті бағалау нәтижелерін атом энергиясын пайдалану саласындағы үәкілдегі мемлекеттік орган талдайды және бекітеді.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.29 № 209; 12.01.2016 № 443-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

Пайдалануши ұйымдар:

осы Заңның және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындауға;

радиациялық қауіпсіздікті және иондаушы сәулелендіру көздерін сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жоспарлап, жүзеге асыруға;

иондаушы сәулелендіру көздері болып табылатын жаңа (жанғыртылатын) өнімнің, материалдар мен заттардың, технологиялық процестер мен өндірістердің радиациялық қауіпсіздігін негіздеу жөніндегі жұмыстар жүргізуғе;

жұмыс орындарындағы, үй-жайлардағы, ұйымдардың аумақтарындағы, бақыланатын аймақтардағы радиациялық жағдайға, сондай-ақ радиоактивті заттардың сыртқы шығуы мен тасталуына үнемі өндірістік бақылау жасап отыруды жүзеге асыруға;

қызметшілердің жеке сәуле алу мөлшеріне үнемі бақылау жасап, оларды есепке алуға;

өндірістік радиациялық бақылау қызметтерінің лауазымды адамдары мен қызметшілерін, мамандарын, иондаушы сәулелендіру көздерімен тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін басқа да адамдарды даярлауға және оларды аттестациядан өткізуғе;

қызметшілерді алдын ала (жұмысқа тұрган кезде) және мезгіл-мезгіл медициналық тексеруден өткізіп тұруды ұйымдастыруға;

қызметшілердің жұмыс орындарындағы иондаушы сәулелену деңгейлері туралы және олардың алған жеке сәуле мөлшерінің шамасы туралы оларға үнемі хабарлап отыруға;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруға үәкілдегі мемлекеттік

органдарды авариялық жағдайлар туралы, радиациялық қауіпсіздікке қатер төндіретін технологиялық регламенттің бұзылуы туралы дер кезінде хабарлап отыруға;

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар уәкілдік берген лауазымды адамдардың қорытындыларын, қаулыларын, нұсқамаларын орындауға;

азаматтардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 12.01.2016 № 443-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

11-бап. Табиғи радионуклидтердің әсер етуі кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Радонның және басқа да табиғи радионуклидтердің болуына байланысты халық пен қызметшілердің сәуле алуы түрғын үйлер мен өндірістік үй-жайларда белгіленген нормативтерден аспауға тиіс.

2. Халық пен қызметшілерді табиғи радионуклидтердің ықпалынан қорғау мақсатында:

үйлер мен ғимараттар құрылышы үшін топырақтан радонның бөлінуі деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып, жер участкерін таңдау;

үйлер мен ғимараттарды осы үй-жайлардың ауасына радон түсуіне жол бермеуді ескере отырып жобалау және салу;

үй-жайлардың ауасындағы радонның болу деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып, құрылыш материалдарына өндірістік бақылау жүргізу, үйлер мен ғимараттарды пайдалануға қабылданап алу;

үйлер мен ғимараттарды олардағы радонның болу деңгейін және радиациялық аяны ескере отырып пайдалану жүзеге асырылуға тиіс.

3. Үйлер мен ғимараттардағы радонның болу деңгейін және радиациялық аяны кеміту арқылы нормативтерді орындау мүмкін болмаған жағдайда олардың пайдаланылу сипаты өзгерілуге тиіс.

4. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарға сай келмейтін құрылыш материалдары мен бұйымдарды пайдалануға тыйым салынады.

5. Халықтың табиғи сәулелену көздерінен сәуле алу дозалары денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган олар үшін белгілеген нормалардан аспауға тиіс.

Ескерту 11-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Занымен.

12-бап. Тағам өнімдерін өндірген кезде және ауыз суды пайдаланған кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Өндірістік шикізат, тағам өнімдері, ауыз су және дайындау, сақтау, тасымалдау мен сату процесінде олармен жанасатын материалдар мен бұйымдар радиациялық қауіпсіздік нормалары талаптарына сай келуге тиіс.

13-бап. Медициналық процедуралар жүргізу кезінде азаматтардың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Радиоизотоптарды немесе басқа да иондаушы сәулелену көздерін пайдалану арқылы медициналық процедуралар жүргізілген кезде азаматтарды (пациенттерді) қоргаудың тиісті құралдары пайдаланылады. Пациенттің сәуле алу дозасы радиациялық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген деңгейден аспауга тиіс.

2. Медициналық процедуралар жүргізілген кезде пациентке алынатын және (немесе) алған сәуле дозалары туралы және оның әсерінің ықтимал зардаптары туралы толық ақпарат беріледі. Азаматтың (пациенттің), эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпті ауруларды анықтау мақсатында жүргізілетін профилактикалық зерттеулерді қоспағанда, осындай медициналық процедуралардан бас тартуға құқығы бар.

3. Иондаушы сәулелену көздерін пайдалану арқылы процедуралар жүргізетін медициналық ұйым, егер осындай себептік байланыс сот тәртібімен дәлелденсе, пациент деңсаулығына немесе өміріне келтірілетін ықтимал теріс әсер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

4. Радиоизотоптар немесе басқа да иондаушы сәулелену көздері пайдаланылатын барлық медициналық процедуралар үшін медициналық ұйым осындай процедураларды жүргізген кезде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында медициналық қызметтер сапасын қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеп, оны атом энергиясын пайдалану жөніндегі уәкілетті органда бекітеді.

5. Иондаушы сәулелену көздері пайдаланылатын медициналық қызметке қойылатын біліктілік талаптарында жұмысқа жіберілген мамандардың біліктілігіне, оларды атtestаттау және қайта атtestаттау тәртібіне қойылатын талаптар, даярлау және қайта даярлау бағдарламасы белгіленеді.

6. Ауруларға диагноз қою, олардың алдын алу және емдеу үшін радиоактивтік заттарды және басқа иондаушы сәулелену көздерін деңсаулық

сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен, пациенттердің радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қамтитын әдістерге (әдістемелерге) сәйкес қана пайдалануға рұқсат етіледі.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Занымен.

14-бап. Сәуле алудың жеке мөлшерін есепке алу және бақылау

Иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу, медициналық рентген-радиологиялық рәсімдер жүргізу кезінде, сондай-ақ техногендік радиациялық аяға байланысты азаматтар алған сәуле алудың жеке мөлшерін бақылау мен есепке алу халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындастын тәртіппен сәуле алудың жеке мөлшерін бақылау мен есепке алудың бірынғай мемлекеттік жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.01.2016 № 443-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тaraу. РАДИАЦИЯЛЫҚ АВАРИЯ КЕЗІНДЕ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

15-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың радиациялық авария кезіндегі қызметі

Радиациялық авария кезінде уәкілетті мемлекеттік органдар осы Занды басшылыққа алады және өз қызметін Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 12.01.2016 № 443-V Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16-бап. Авариялық даярлықты қамтамасыз ету

Пайдалануши ұйымдарда:

ықтимал радиациялық авариялардың, олардың салдарының болжамы және радиациялық жағдайдың болжамы жасалып, уәкілетті мемлекеттік органмен келісілген тізбесі;

радиациялық авария болған кезде жедел шешімдер қабылдау өлшемдері және уәкілетті мемлекеттік органмен келісіліп араласу деңгейі;

облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген, қызметшілер мен халықты радиациялық авариядан және оның зардаптарынан қорғау жөніндегі шаралар жоспары;

радиациялық аварияны хабарлауға және оның зардаптарын жоюды қамтамасыз етуге арналған құралдар;

радиациялық закымданудың алдын алуға арналған медициналық құралдар және радиациялық авария кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету құралдары;

қызметшілер арасынан құрылатын авариялық-құтқару құрамалары болуға міндетті.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29 № 209; 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Пайдаланушы ұйымдардың радиациялық авария кезінде радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

Ескерту. 17-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Пайдаланушы ұйым радиациялық авария жағдайында:

радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарға, сондай-ақ облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына және сәуле алуы жоғары болуы мүмкін аумақтар халқына радиациялық авария туралы дереу хабарлауға;

уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, қызметшілер мен халықты радиациялық авариялар мен оның зардаптарынан қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

радиациялық авария кезінде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету жөнінде шаралар қолдануға;

радиоактивті ластау ошағын оқшаулау және радиоактивті заттардың қоршаған ортаға таралуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға;

радиациялық авария кезінде радиациялық аварияның өршуіне және радиациялық жағдайдың өзгеруіне талдау жасап, болжам әзірлеуге;

радиациялық авария жойылғаннан кейін пайдаланушы үйым аумағында радиациялық жағдайды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдауға;

қызметшілер мен халықтың жеке сәуле алу мөлшерін бағалау жөнінде және бұл деректерді денсаулық сақтау органдары мен басқа да үәкілдегі мемлекеттік органдарға беру жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-бап. Радиациялық аварияның зардаптарын жоюға тартылатын азаматтардың жоспарланатын сәуле алудының жоғары мөлшері

1. Радиациялық аварияның зардаптарын жоюға, құтқару және шұғыл жұмыстар мен дезактивизацияға тартылатын азаматтардың жоспарланатын сәуле алудының жоғары мөлшері тек адамдарды құтқару қажеттігіне және олардың одан да көп сәуле алудына жол бермеуге ғана байланысты болуы мүмкін.

2. Радиациялық авариялардың зардаптарын жоюға тартылатын азаматтардың жоспарланатын сәуле алудының жоғары мөлшеріне олардың ерікті келісімімен және сәуле алудың мүмкін мөлшері мен денсаулық үшін қатері туралы алдын ала хабарлай отырып, олардың өмір кезеңі ішінде бір рет жол беріледі.

3. Өтемнің түрлері мен мөлшері және аталған жұмыстарды орындауға тартылатын адамдардың денсаулығына радиациялық әсер келтірген зиянның орнын толтыру Қазақстан Республикасының зандарымен белгіленеді.

5-тарау. АЗАМАТТАРДЫҢ, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР МЕН ҰЙЫМДАРДЫҢ РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

19-бап. Радиациялық қауіпсіздік құқығы

Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың радиациялық қауіпсіздікке құқығы бар. Бұл құқық иондандыруши сәулеленудің адам организміне белгіленген нормалардан жоғары радиациялық әсер етуіне жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізумен, сондай-ақ жеке тұлғалардың және пайдаланушы ұйымдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды орындауымен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Ақпарат алу құқығы

Жеке және заңды тұлғалардың уәкілетті мемлекеттік органдар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ақпарат алуға құқығы бар.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Азаматтардың иондаушы сәулелендіруден сәуле алу кезінде немесе радиациялық авария салдарынан өз өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның, мүліктік залалдың орны толтырылуына құқығы

1. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтардың иондаушы сәулелендірудің белгіленген шегінен тыс немесе радиациялық авария салдарынан сәуле алуға байланысты өз өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның орны толтырылуына және мүліктік залалдардың орны толтырылуына құқығы бар.

2. алып тасталды

3. Радиациялық әсерден зардап шегушілерге:

радиациялық аварияны жою кезінде белгіленген мөлшерден артық сәуле алған адамдар;

ионданушы сәулелендіру көздерінен қызметшілер үшін радиациялық қауіпсіздік нормаларында белгіленген шектен артық сәуленің әсерлі мөлшерін алған және осы сәуле алумен тікелей байланысты ауруы бар адамдар;

егер ата-анасының біреуі радиациялық әсерден зардап шеккендер қатарына қосылса, солардан туып, иондаушы сәулелендіру ықпалына байланысты аурулар тізбесінде белгіленген аурулардың жекелеген түрлерінен зардап шегуші балалар жатады.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен.

22-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттері

Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын сақтауға міндетті.

Пайдаланушы ұйымның аумағында аталған адамдар осы ұйымның лауазымды адамдарының талаптарын орындауға міндетті.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-тарау. РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШИН ЖАУАПКЕРШІЛІК

23-бап. Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауптылық

Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзыу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауптылыққа алып келеді.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 12.01.2016 № 443-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-тарау. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР

24-бап. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдарында бар нормалардан өзгеше нормалар белгіленсе, халықаралық шарттардың нормалары қолданылады.

Қазақстан
Президенті

Республикасының